

МРНТИ 67.01.11

Малибеков Ж.

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**Нұр-Сұлтан, Қазақстан*E-mail: eltanba.kz@mail.ru**Қазақ үйінің функциональдық
технологиясы, ТӨР - функциясы**

Аңдатпа: Мақалада сәулеттік шешімдердің тарихи салт дәстүрге және қоршаған ортаға байланысты болатыны туралы айтылады. Ғимараттың қасбет шешімінің сәулеттік құндылықтармен өлшенуі және ішкі кеңістіктердің, яғни бөлмелердің функциясы салт дәстүрге сай қажеттіліктен туындайды. Ғимараттың ішкі кеңістіктегі бөлмелер: зал, отыратын, жататын орындардың құрмет, сыйластық деңгейімен сәйкес келтіру. Ғимараттың ішкі құрылымы дала мәдениетімен жүйелі түрде үйлестіріп, ғимараттың интерьерлері, ашекейлері, шынайы элементтері, ұлттық қолданбалы өнер туындылары деңгейінде жасалуы.

Түйінді сөздер: сәулеттік шешімдердің, салт дәстүрге, қоршаған ортаға, ішкі кеңістік, бөлмелердің функциясы, дала мәдениеті.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2220-685X-2021-62-3-20-26>


Төр функциясының атқаратын қызметі «бір үй, бір шаңырақ» деп аталып, негізінен сол шаңырақ астында өмір жасап жатқан жандарға арналады. Шаңырақ иесі сол

отау иесі. Ана, бала, қыз, келін, немере, шөбере қанша болса да шаңырақ иесі сол үйдің иесі. Үй иесінің жауапкершілігін кішігірім ұжым, мемлекет моделімен салыстыруға болады. Оны қорғау керек. Оның болашағына жол көрсетіп отыру шарт. Тәрбиелік, сыйластық, құрмет, еңбекке баулу, оқыту, қоғамдық жұмысқа араласу және т.б. сол сияқты халық педагогикасындағы ата бабалар қалдырған өсиет, ырым жора, салт дәстүрдің сақталуына жауапты сол үй иесі. Төр мағынасының екінші функционалдық сипаты құрметті ауыл ақсақалдарына орын беру. Төр құдажекжатты құрметтеуге арналған орын. Төр танымайтын кісі болса да қарияларға, ардақты жандарға, құрмет иесіне арналады. Төр дәстүрлі ақсақалдар мектебінің қасиетті орыны. Төр даналық орыны, ақыл ой, тәрбиелік мәні бар нақыл сөздер айтылатын жер. Төрте Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би қазақ халқының бірлігі, болашағы туралы айтып кеткен. Төр - ақсақалдар мектебінің негізін қалайтын жер. Төр қазақ халқына жол, бағыт бағдар көрсеткен ақсақалдар орны. Киелі ұғым. Қала құрылымында, ауыл қоныстарында төр әулетті ұжымды бірлікке, ынтымаққа шақырмақ. Сондықтан да архитектурада тұрғын жай пәтерлеріндегі төрді функционалдық зона деп, қадір-қасиеті бар орын деп қарастырған жөн [1].

Төр қазақтың ұлттық ұғымында ең жоғарғы құрметке ие кісі отыратын орын. Онда үйдің үлке Сурет. Үш ұрпаққа арналған пәтер концепциясының сызбасы ні, ақсақа Сурет. Үш ұрпаққа арналған пәтер концепциясының сызбасы ата жолын ұстайтын, соны дәріптейтін, от басындағы, әулеттегі барлық тұрмыс, болмыс жағдайларын реттестіріп отыратын сыйлы адам отырады.

Ақсақал сол үйдің болашағына жауап береді. Ол үй ішіндегі бірлікті, тыныштықты, бұрынғы аталар жолын

сақтайтын, қалыптасқан дәстүрді жалғастыратын кісі. Атадан мирас болып келе жатқан бауырмашылдыққа, туысқандыққа, бірлікке шақыратын кісі. Ақсақал ұлттық дәстүрдің сақталуына, бұзықтық, білместік шықса, өз қауымы атынан жауап беретін әулеттің үлкені (сурет 1) [2, 3].



Сурет 1: - Үш ұрпаққа арналған пәтер концепциясының

Ол атадан келе жатқан ұлттық дәстүрімізді сақтауға, ұстауға, үйретуге міндетті. Тәрбиелік мәні бар жақсылықтың бәрін қарап, реттеп отырады. Ақсақал әлеуметтік қарым-қатынастарды біліп отыруы шарт. Ол аталар мектебін сақтайтын сыйлы да сауатты адам, пәк, таза, жанашыр, мейрімді, жат мінезі жоқ жан иесі болу керек. Ол жақсылық атаулының елшісі. Қайырымдылық,

жетім жесірлерге қарасу, сонымен бірге, қауым арасында сыйластықты, тыныштықты сақтау-оның басты мақсаты.

Әже-аталар жолын кесіп өтпейтін сыйластық мектебінің кепілі. Ол келін боп түскеннен кейін, немере көргеннен бастап әжеге тән дәстүрімізді сақтайтын тұлға. Әже жасына қарамай атамен бірге үйдің барлық әлеуметтік қызметіне жауап береді. Жаңа түскен келінді біртіндеп сол үйге сіңдіру мақсатында тәрбиелік мәні бар ақыл-кеңестермен баулиды. Келіннің бұрынғы мәдениетін шеттетпей, бауырға басу саясатын да қатар жүргізеді. Киіз үй тек бір ғана функцияны атқармайды, ол адамның кеңістектегі өз орнын айқындауына көмектеседі. Тәуелсіздік алғаннан кейін аяқ тіреп тұратын классикалық архитектура қалыптаспағандығын киіз үй тұлғасы айқын көрсетіп отыр. Бірақ Тәуелсіздік мұны реттеуге жол ашты. Оның көрінісі - Астана қаласының дүниге келуі. Бұл Тәуелсіздік тарапынан сыйға берілген жеміс, ұлттық архитектура саласының жаңа бір дәуірі деп санауымыз керек [4, 5].

Мәдениетті дәріптеу. Оітек архитектуралық жобалау арқылы салт дәстүр мен мәдениетті дәріптеу; ұрпақтар арасындағы өзара байланыстыққа жағдай жасау. Этнос тарихы мен мәдениетінің қоғаммен байланысты жақтарын көрсету; әлеуметтік мәдени маңызы бар көшелерді, алаңдарды, қоныстар мен табиғи ландшафттарды, синтездегі ерекше архитектуралық ауылдар системасын мемлекеттік мүддеге сай қалыптастыру. Мемлекеттік ғимараттар мен ансамбльдік, архитектуралық құрылымдарды салт дәстүрлік үлгіде қарастыру [6].

Оітек архитектурасындағы ғимараттар, кешенді жұмыстар, идеология, салт дәстүр, қоғамдық, әлеуметтік мәдениет, тарихи мәні бар рухани құндылықтар ұлттық санатұрғысынан қарастырылады. Оітек архитектурасының

эстетикалық көркемдік, құндылықтары оның біртұтас стильдік жинақтылығында. Оітек нысандары ансамбльдік, композициялық, стильдік кешенде жүзеге асады. Оітек архитектурасының теориялық және методикалық негізі оның тарихымен, әдет ғұрып, салт дәстүрмен байланысты [7].

Оітек архитектурасының ерекшеліктері.

Кеңістіктегі архитектурада сақ заманынан келе жатқан аң стилінің маңыздылығы; архитектураның функционалдық сипаттамасын қалыптастыру; сыртқы пішіннің ішкі функционалдық шешімге сәйкес болуы; конструктивтік технологиялық жаңалықтары; интерьердің архитектуралық көркемдік шешімдерін шығару; ғылыми танымдық құндылық негіздемесі; ойлау педогогикалық, психологиялық құндылықтар; көркемдік эстетикалық құндылықтар; қоғамдық маңыздылығына ие болу; әлеуметтік мәдени құндылықтарды дәріптеу [8]. Оітекті салт дәстүр ретінде насихаттау; ойлау ойшыл ортаны қалыптастыру; ландшафт қоршаған ортаның функционалдық жүйесінде ұлттық мүдденің болуы; архитектуралық шешім мен оның эстетикалық сәулетін айқындау; технологиялық ерекшеліктері қоғамдық және тұрғынжай ғимараттарындағы ерекшеліктерге сай болуы; құрылыс конструкцияларындағы жаңашыл позитивтік формалардың модульдік сипаттамасын шығару

Қолданылған әдебиеттер

1. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. –Алматы: 2007.
2. Акышев К., Хабдулина М. Ежелгі Астана: Бозоқ қалашығы. –Астана: 2011.
3. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қол өнері. –Алматы: 1987.
4. Адамқұлов Н. Ұлттық қолданбалы қолөнер. –Алматы: 2005.
5. Самашев З. Наскальные изображения верхнего

прииртышья. –Алматы: 1992.

6. Самашев З., Мургабаев С., Елеуов М. Сауысқандық петроглифтері. –Астана: 2014.

7. Көшпенділер өркениетіндегі дала қалаларының орны. –Астана: 2008.

8. Сәулет және қала құрылысы: жағдайы және даму болашақтары. –Астана: 2008.

Малибеков Ж.

Евразийский национальный университет

им. Л.Н. Гумилева

Нур-Султан, Казахстан

E-mail: eltanba.kz@mail.ru

Функциональная техника казахского дома, TOP - функция

Аңдатпа: Мақалада архитектуралық шешімдердің тарихи дәстүрлер мен қоршаған ортаға байланысты екендігі айтылады. Ғимараттың қасбетін сәулет құндылықтары мен интерьер функциялары тұрғысынан, яғни тұтынушылық дәстүрге негізделген үй-жайларды өлшеу. Ғимараттың ішкі бөлігіндегі үй-жайлар: зал, демалыс аймағы, құрметті деңгейіне сәйкес ұйықтайтын орын. Ғимараттың ішкі құрылымы дала мәдениетімен жүйелі түрде ұштасып, интерьер, декор, шынайы элементтер, ұлттық қолданбалы өнер туындылары деңгейінде сақталған.

Түйінді сөздер: сәулеттік шешімдердің, салт дәстүрге, қоршаған ортаға, ішкі кеңістік, бөлмелердің функциясы, дала мәдениеті.

Zh. Malibekov

L.N. Gumilyov Eurasian National University,

Nur-Sultan, Kazakhstan

E-mail: eltanba.kz@mail.ru

Kazakh uyinin functional technologies, TOR - functions

Abstract: *The article states that architectural solutions depend on historical traditions and the environment. The measurement of a building's façade in terms of architectural values and interior functions, i.e. rooms, stems from the need for tradition. Premises in the interior of the building: hall, recreation area, sleeping area in accordance with the level of respectability. The internal structure of the structure is systematically combined with the standard culture and maintained at the level of interiors, decor, authentic elements, and works of national applied art.*

Keywords: *architectural solutions, traditions, environment, interior space, functions of rooms, steppe culture.*

References

1. Kazakhstan. National encyclopedia. –Almaty: 2007.
2. Akyshev K., Khabdulina M. Ancient Astana: Bozok town. –Astana: 2011.
3. Argynbaev Kh. Handicrafts of the Kazakh people. –Almaty: 1987.
4. Adamkulov N. National handicrafts. –Almaty: 2005.
5. Самашев З. Rocky images of the Upper Priirtyshye. –Almaty: 1992.
6. Samashev Z., Murgabaev S., Eleuov M. Petroglyphs. –Astana: 2014.
7. The place of steppe cities in nomadic civilization. –Astana: 2008.
8. Architecture and urban planning: status and prospects. –Astana 2008.